

2021 жылға арналған Успен ауданының ұйымдарында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Успен ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 290/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 7036 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-ана сынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-ана сынның қамқорлығының қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Успен ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Успен ауданының ұйымдарында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Успен ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Успен ауданының әкімі

Н. Дағчко

Успен ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 16 қарашасы
№ 290/11 қаулысына
қосымша

2021 жылға арналған Успен ауданының ұйымдарында
пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды
жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

Пробация
қызметінің есебінде

P/c №	Үйымның атаяуы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан), %	(тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны, бірлік)
1	"Галицкое Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	188	1	2
2	Павлодар облысы әкімдігінің Павлодар облысы денсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Успен аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	187	1	2
3	"Галицкое" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	234	1	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК